

"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынның еншілес кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 қарашадағы N 1603

Республиканың темір жол көлігін басқару құрылымын оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің еншілес мемлекеттік кәсіпорын - Семей темір жолы мен еншілес мемлекеттік кәсіпорын - Алматы темір жолын еншілес мемлекеттік кәсіпорын - "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорының Алматы темір жолына қосу арқылы қайта ұйымдастыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі